

«ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ
2007 жылғы 14 маусымдағы № 20
Басқарма отырысы хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

**“АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ”
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, 2007 жыл**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның басқару органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, қызметін тоқтату мен оны қайта құру шарттарын және басқа ережелерді Қазақстан Республикасының заңдылығына (бұдан әрі – Заңнама) сәйкес анықтайды.

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық атауы: «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқаша атауы: «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК» АҚ;

орыс тілінде:

толық атауы: акционерное общество «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация»

қысқаша атауы: АО «НК «Продкорпорация»

ағылшын тілінде:

Joint Stock Company «National company «Food contract corporation»;

Қысқаша: JSC «NC «Food corporation»;

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 29/3.

4. Қоғам қызметінің мерзімі – шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

5. Қоғам «Мемлекеттік азық-түлік келісім шарт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы қаулысының және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 220 Жарлығын жүзеге асыру жөнінде шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысының негізінде әрекет жасайды.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының заңын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Қоғам жарғылық капиталдағы «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ (бұдан әрі – Ұлттық холдинг немесе Жалғыз акционер) қатысуымен акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық формасында құрылған коммерциялық ұйым болып табылады, дербес теңгерімі, банктік есеп шоты, мемлекеттік және орыс тілінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.

8. Қоғам қызметін қаржыландыру жарғылық капиталдың қаржылар есебінен, қызметі нәтижесінде алатын Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да дивидендтер есебінен қалыптасатын табыстар есебінен жүзеге асырылады.

9. Қоғамның орындаушы органдарымен бекітілетін, белгілі тәртіпте тіркелетін тауарлық белгісі, өзінше бейнелемесі, үлгілері болуы мүмкін, мемлекеттік және орыс тілдерінде мөрлері, фирмалық бланкілері мен басқа да деректемелері болады.

10. Қоғам Заңнамамен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарында қатысуға құқылы.

11. Қазақстан Республикасы заң актілерінде қаралған тәртіппен Қоғам өзінен тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғамның атынан оның тапсырмасы бойынша іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) ашуға құқылы.

12. Қоғам мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

13. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес, акцияларды орналастыру төлеміне берілген Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу, пайдалану және иелік істеу құқықтарын жүзеге асыратын субъектісі Ұлттық холдинг болып табылады.

14. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады.

Барлық мүдделі тұлғалар Заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғам Жарғысымен танысуға құқылы.

4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, ПРИНЦИПТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

15. Қоғам қызметінің мақсаты:

Мемлекеттік ресурстар астығын және одан өңделген өнімдерді сатып алуды, қалыптастыруды, сақтауды ұйымдастыруды, жаңартуды, ауыстыруды, сатуды қамтамасыз ету болып табылады.

16. Қоғам қызметінің принциптері:

1) Қоғам қызметінің мемлекеттік аграрлық саясатына және Заңнамаға сәйкестігі;

2) Қоғам қызметінің жариялылығы;

3) Қоғам қызметінің ашықтығы.

17. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

мемлекеттік ресурстар астығын және одан өңделген өнімдерді сатып алу, қалыптастыру, сақтауды ұйымдастыру, жаңарту, ауыстыру, сату;

қандай да бір банктік операциялар түрлерін, оның ішінде қарыздар беруді жүзеге асыру;

агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру.

18. Қоғамның қызметі осы Жарғыда айтылған түрлермен шектелмейді. Қоғам Ұлттық холдингпен келісе отырып, Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқылы.

19. Қызметтің кейбір түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті ұйымдардың арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) керек болған жағдайда, Қоғам қызметтің аталған түрлерін Заңнамамен белгіленген тәртіпте тиісті рұқсатты (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және оған сәйкес жүзеге асырады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Қоғам Жалғыз акционердің мүлігінен тыс жекеленген мүлікке ие, және де оның міндеттемелеріне жауап бермейді. Қоғам өз мүлігінің шегінде өзінің міндеттемелеріне жауап береді.

21. Жалғыз акционер, Заңнамада қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оған тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді;

22. Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермегендей, Қоғам да мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді;

23. Қоғам өз атынан келісімдер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүліктік және дербес мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сонымен қатар Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыра алады;

24. Қоғам қорғалатын құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты қолдану және ие болу құқықтарын ала алады және бере алады;

25. Қоғам шығару, орналасу, айналым мен өтеу шарттары және тәртібі Заңнамамен белгіленетін бағалы қағаздарды шығара алады;

26. Қоғам қызметкерлердің еңбек ақысымен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, табыстарды бөлумен, кадрларды таңдау және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді өзі шешеді;

27. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық және шетел валютада шот ашуға құқылы;

28. Қоғам Заңнамаға сәйкес қазақстандық және шетел заңды және жеке тұлғалардан қарыз алуға және несиелерді теңге мен шетел валютасында алуға құқылы;

29. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы жасайды және бекітеді.

30. Қоғам Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған басқа міндеттемелерді көтереді және басқа құқықтарға ие бола алады.

6. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

31. Жалғыз акционердің мыналарға құқығы бар:

- 1) Заңнамада және осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтерді алуға;
- 3) Жалғыз акционермен немесе Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есеп беруімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлауға (тағайындауға);
- 6) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Қоғам органдары Заңнаманың және Жарғының нормаларын бұзатын іс-қимылдар жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға үндеуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныстар жасауға және тиісті үндеуде басқа мерзім көрсетілмесе, Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 9) Қоғам жойылған кезде мүліктің бөлігіне;
- 10) Заңнамамен белгіленген тәртіпте оның акцияларында айырбастайтын Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын ерекше сатып алуға;
- 11) Заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің талқылауына шығару үшін қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;
- 12) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;
- 13) Аудиторлық ұйыммен Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге.

32. Қоғамның Жалғыз акционері мынаған міндетті:

- 1) Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) он күн ішінде аталған акционердің тіркеушісіне және акциялардың номиналдық ұстаушыларына Қоғам акцияларын ұстаушылар тізбесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- 3) қызметтік, коммерциялық құпияны және заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Қоғам мен оның қызметі туралы ақпараттарды жаймауға.

33. Жалғыз акционер Заңнамаға және Жарғыға сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерге ие бола алады.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

34. Қоғамның мүлкі қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін, соның ішінде оның қызметі нәтижесінде пайда болатын Қоғамның міндеттемелерін

қамтамасыз етуге арналған, және меншік құқығында оған оның иелігіне жатады. Қоғамның мүлкі негізгі және айналым қаражатын, сонымен қатар Қоғамның дербес теңгерімінде құны көрінетін басқа да мүлікті құрайды.

35. Қоғам Заңнамаға сәйкес өз мүлкіне ие болу, пайдалану және иелік жасауды өз қызметтің мақсаттарына және мүліктің арнауына сәйкес жүзеге асырады.

36. Қоғамның мүлкі мынаның есебінен қалыптасады:

- 1) Жалғыз акционердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкінен (Жарғылық капитал);
- 2) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған табыстардан;
- 3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған басқа мүліктерден.

37. Жалғыз акционердің Қоғамның жарияланған Жарғылық капиталының төлеуі есебінде енгізілген кейбір объектілерге жекеленген құқығы жоқ.

38. Қоғамның орналастырылып жатқан акциялар төлеуіне, Заңнамамен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, ақша, мүліктік құқық (оның ішінде интеллектуалды меншіктің объектілеріне құқық) және басқа мүлік те ену мүмкін.

Ақшадан басқа мүлікпен төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет жасайтын бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

39. Қоғамның Жарғылық капиталының өсуі, Заңнамамен белгіленген тәртіпте, акцияларды шығару және орналастыру арқылы Жалғыз акционердің немесе соттың шешімі негізінде жіберіледі.

8. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

40. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбастамалы және басқа, оның ішінде еркін бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу тәртібі мен шарттары Бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңымен анықталады.

41. Қоғам жай акцияларды ғана шығарады.

42. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім шығаруға құқық береді.

43. Акцияларды шығару құжаттамасыз формада жүзеге асырылады.

44. Жарияланған акциялардың саны, тәсілі мен олардың орналастыру бағасы шегінде орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылып жатқан (сатылып жатқан) Қоғамның акциялары туралы шешім Қоғамның Жалғыз акционерімен қабылданады.

Қоғам өзінің акцияларын оларды шығаруды мемлекеттік тіркеуден кейін орналастырады.

45. Қоғам акцияларын ұстаушы реестрінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тәуелсіз тіркеушісімен жүзеге асырылады.

46. Қоғам кепілге ол орналастырған бағалы қағаздарды мынандай жағдайларда ғана ала алады:

- 1) егер кепілге берілетін бағалы қағаздар толығымен төленсе;
- 2) егер Қоғаммен кепілге берілетін және оның кепіліндегі акциялардың жалпы санын, Қоғаммен сатып алынған акцияларды есепке алмағанда, Қоғамның орналастырған акциялардың жиырма бес пайыздан артық емес құраса;
- 3) егер кепіл туралы шарт Жалғыз акционермен мақұлданса.

9. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ

47. Әрекеттегі Заңнамаға сәйкес бюджетке төленетін салық пен басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін, оның шаруашылық қызметі нәтижесінде алатын табыс Қоғамның меншігінде қалады, сонымен қатар акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге қолданылады.

48. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғаммен төленетін оған тиесілі акциялар бойынша Жалғыз акционердің табысы дивиденд болып табылады.

Дивидендтер ақшалай, сонымен қатар Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтердің төлеуі Жалғыз акционердің жазбаша келісімі бар болып, Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын төлеу жағдайында ғана жіберіледі.

49. Қоғам таза табыстан жыл сайынғы аударымдар арқылы Жалғыз акционердің шешімі бойынша шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты шығындарды толтыру үшін резервтік капиталды қалыптастыра алады.

50. Қоғам басқармасы Жалғыз акционерге жоспарланып отырғанның алдындағы **жылдың 1 наурызына дейін** Ұлттық холдинг акцияларына дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады.

51. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционермен қабылданады.

Жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер, дивидендтер есептеу туралы шешімді қабылдаған кезде Жалғыз акционермен белгіленген мерзімде төленеді.

52. Жалғыз акционер Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған өзінің өкілеттігінің шегінде, жылдың қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл шешім шешімді

қабылдаған күннен бастап он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялану керек.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап, он жұмыс күн ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану керек.

Дивидендтер туралы шешімнің мазмұнында мынадай ақпарат болу керек:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін мерзім;
- 3) бір жай акцияға есептеудегі дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің бастаған күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен формасы.

53. Жай акциялар бойынша дивидендтер есептеу жіберілмейді, егер:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері кері болған жағдайда немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде кері болып қалса;

2) Қоғам Банкроттық туралы Қазақстан Республикасы заңына сәйкес төлем қабілетсіздігінің немесе дәрменсіздіктің белгілеріне жауап берсе, немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болатын болса.

54. Жалғыз акционер Қоғам берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан, алмаған дивидендтер төлеуді талап етуге құқылы.

55. Дивидендтер оларды төлеуге белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесінен саналатын төлемақы өсімі ақша міндеттемесін орындау немесе оның тиісті бөлімінің күніне төленеді.

56. Жарғының 53 тарауына қайшы істелінген іс-әрекеттер Қоғам кредиторларының мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер сияқты қаралады, және қандай бір мүдделі тұлғаның талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

10. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕПКЕ АЛУЫ, ЕСЕП БЕРУІ ЖӘНЕ АУДИТІ

57. Қоғамның қаржылық есеп беруі Қоғамның бухгалтерлік теңгерімін, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және Бухгалтерлік есепке алу мен қаржы есеп беруі туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес басқа да есеп беруді өзіне қосады.

Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есеп беруін құрастыру тәртібі Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруі туралы Қазақстан Республикасының заңына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес белгіленеді.

58. Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруі, Жалғыз акционер мәселені қарастыру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, Қоғамның Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілу керек.

59. Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін ең ақырғы Жалғыз акционер бекітеді.

60. Қоғамдағы қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін, Қоғамның Директорлар кеңесі шешімімен Ішкі аудит қызметін құруға болады.

61. Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруінің нақтылығын, сонымен қатар істердің ағымды жағдайын тексеру және дәлелдеу үшін, Қоғам жылдық қаржылық есеп беруінің аудитін жүргізуге міндетті.

62. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесі, Орындаушы органның бастамасы бойынша Қоғамның есебінен, немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізулу мүмкін, осында аудиторлық ұйымды Жалғыз акционер өзі таңдауға құқылы.

63. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұрап жатқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

11. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

64. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Ұлттық холдинг Басқармасы тұлғасындағы Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – Ішкі аудит қызметі.

12. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

65. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген мәселелер бойынша шешімдер Заңнамаға және Ұлттық холдинг Жарғысына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің функцияларын атқаратын Ұлттық холдинг Басқармасымен қабылданады.

66. Жалғыз акционер акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген мәселелер бойынша шешімдерді қаржы жыл біткеннен кейін, жыл сайын бес ай бойы қабылдауға міндетті. Есеп беру мерзімі ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға созылған болып саналады.

67. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген мәселелерді дайындау Қоғам Басқармасымен, онымен жасаған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісімен, Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

68. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысының құзыретіне берілген басқа мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Директорлар кеңесімен ұсынылады.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген басқа мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Директорлар кеңесімен, Жалғыз акционермен ұсынылады, ал өз еркімен ликвидация процесінде – Қоғамның ликвидациялық комиссиясымен де ұсыныла алады.

70. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің қарауына берілген мәселелерді міндетті түрде шығару жағдайлары қарастырылу мүмкін.

71. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар, бұл сұрақтар жөнінде заңды және дәйекті шешімдерді қабылдауға қажетті мөлшерде ақпаратты болу керек.

72. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жалпы жылдық жиналысының құзыретіне берілген мәселелер бойынша материалдардың мазмұны мынадай болу керек:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруі;
- 2) жылдық қаржылық есеп беруге аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептеудегі бір жылға дивидендтің мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселені шығару бастамашысының пікірі бойынша басқа құжаттар.

73. Жалғыз акционердің шешімдері Қоғам Басқармасымен сақталады және Жалғыз акционерге танысу үшін кез келген уақытта беріледі. Жалғыз акционердің қалауынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

13. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

74. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар ондағы өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамның өз еркімен қайта құрылуы немесе жойылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялардың санын арттыру (жариялаған акциялардың, оның ішінде Ұлттық холдинг төлеуге тиісті акциялардың санын анықтау) немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сонымен қатар олардың өзгерістерін анықтау;
- 6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімсіз тоқтатуын анықтау,

сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

7) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

8) Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін бекіту;

9) есеп беретін қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептесудегі дивидендтің мөлшерін бекіту;

10) Жарғының 53 тарауымен қарастырылған жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамға тиесілі барлық активтерден жиырма бес немесе одан да көп пайызды құрайтын сомасындағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруда немесе оның қызметінде Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

12) Заңнамаға сәйкес Қоғаммен сатып алынатын кезде акциялар құнын анықтау әдісіне (әдісті бекіту, егер Қоғам құрылған кезде ол бекітілмеген болса) өзгерістерді бекіту;

13) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелердің күн тәртібін бекіту;

14) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде Заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына анықтау;

15) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басқарушысын және мүшелерін сайлау (тағайындау), сонымен қатар олардың өкілеттерін мерзімсіз тоқтату;

16) Жарияланған акциялар шығаруын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам тіркеушісін бастапқы таңдау;

18) Заңнамаға сәйкес анықталған Қоғам тіркеушісімен шартты бекіту;

19) Оның меншікті капиталы мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын сомаға Қоғам міндеттемелерін көбейту туралы шешім қабылдау;

20) 5 жылға Қоғамды дамытудың стратегиялық бағыттарын және оның орындалуы туралы есепті бекіту;

21) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;

22) шешім қабылдау осы Жарғымен және Заңнамамен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне берілген басқа мәселелер.

75. Егер бұл Заңнамамен қарастырылмаса, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне берілген мәселелерді шешу басқа органдардың, лауазымдық тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне жатпайды.

76. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғам органдарының қандай да бір шешімін болдырмауға құқылы.

14. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

77. Директорлар кеңесі шешілуі Заңнама мен Жарғыға сәйкес Жалғыз Акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерден басқа, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды. Директорлар кеңесі Жалғыз Акционер бекіткен Директорлар кеңесі туралы Ереже негізінде қызмет атқарады.

78. Жалғыз Акционер шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелеріне қызмет атқарған кезде сыйақылар төленеді және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қызмет атқаруымен байланысты шығыстар өтеледі. Жалғыз акционер шешімімен сыйақылар мен шығыстар мөлшері анықталады.

79. Бұл Заңнамада белгіленген болмаса, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығаруы;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алғаны және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- 5) Корпорацияның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарды шығару шарттарын анықтау;
- 6) Директорлар кеңесінің кез-келген Комитетінің, соның ішінде Ішкі аудит мәселелері бойынша Комитетінің құрамы, құрылуы туралы шешім қабылдау;
- 7) Басқарма Төрағасының (Президенттің) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық окладтары мөлшерін және еңбекке ақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 8) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекке ақы және сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беруді анықтау;
- 9) Корпоративтік хатшыны сайлау, уәкілетті мерзімін анықтау, тоқтату, сонымен қатар лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекке ақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 10) Аудиторлық ұйым мен бағалаушының көрсеткен қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау;
- 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқару органдары қабылдаған құжаттарды есептемегенде), соның ішінде аукциондарды өткізу тәртібі мен шарттарын ішкі құжаттарды бекіту;
- 12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп акцияларын сатып алу, олардың қызметі туралы мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның міндеттерін, оның жеке меншік капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;

15) бұрынғы тіркеушімен арадағы шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

16) қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам мен оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;

17) Жарғының 79 тармағының 21) тармақшасында көрсетілген мәмілелер тізіміне кірмейтін ірі мәмілелерді және Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

19) Қоғамның даму жоспары мен/немесе қаржы-шаруашылық қызметінің орташа жедел жоспарын бекіту және оның орындалуына есеп беру;

20) Қоғам бюджетін бекіту, сонымен қатар Жалғыз акционермен келісу бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

21) Қоғам Басқармасымен қабылданатын Қоғам мүдделі мәмілелер тізімін бекіту;

22) Жалғыз Акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Жарғы және Заңнамамен қарастырылған басқа да мәселелер.

80. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Қоғам Басқармасы қарауы мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасы құзыретіне жататын мәселелер және Жалғыз Акционер шешіміне қарама-қайшы болатын мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

81. Ең маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсыныс дайындау үшін қоғамда мынадай мәселелер бойынша Директорлар кеңесі Комитеттері құрылуы мүмкін:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелері және нақты Комитетте жұмыс істеу үшін кәсіби білімі бар сарапшылардан құрылады.

Қоғамның Басқарма Төрағасы (Президент) Директорлар кеңесі Комитетінің Төрағасы болуы мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Комитетінің қалыптасу тәртібі мен қызметін, оның сандық құрамын Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

82. Директорлар кеңесінің мүшелері үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үштен бір бөлігі тәуелсіз директор болуы тиіс.

83. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалмайды:

1) жоғары немесе орта кәсіби білімі жоқ;

2) өтелмеген немесе заңмен бекітілген тәртіпте сотталғандығы бар;

3) банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлік тарату туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жыл ішінде консервацияға, санацияға тартылған, мәжбүрлік таратуға, банкроттыққа ұшыраған заңды тұлғаның басшысы болып табылған. Көрсетілген тізім Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен толықтырылуы мүмкін.

84. Қоғамның Директорлар кеңесінің уәкілетті мерзімін Жалғыз акционер анықтайды.

85. Жалғыз акционердің шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына Қоғам қызметін бақылаушы Ұлттық холдингінің басқарушы қызметкері, тәуелсіз директорлар, лауазымы бойынша Басқарма төрағасы (Президент) және тағы да басқа тұлғалар Жалғыз акционердің шешімі бойынша енеді.

86. Қоғамның Басқарма төрағасынан (Президенттен) басқа Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесіне сайланбайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Ұлттық холдинг Басқармасының мүшесі - Қоғам бойынша Ұлттық холдинг бақылаушы - басқарушысы сайланады.

87. Заңнамамен қарастырылмаса, Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің уәкілетті мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдағанға дейін созылады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшесінің уәкілеттігін мерзіміне дейін тоқтатуы мүмкін. Оның ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің уәкілеттілігін мерзіміне дейін тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша ескертпе негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген Директорлар кеңесінің мүшесі уәкілеттілігі Директорлар кеңесі ескертпені алған сәттен бастап тоқтатылады.

Егерде Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттілігі мерзіміне дейін тоқтатылып, Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесі мүшесін сайлаған жағдайда, соңғының уәкілеттілігі Директорлар кеңесі уәкілеттілігімен бірге аяқталады.

88. Заңнама мен Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі Төрағасы:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілісін шақырады және төрағалық етеді;
- 3) мәжілістерде хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен (Президентпен) еңбек шартына отырады және Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілейді. Осыған орай, еңбек шартында материалдық ынталандыру мен Басқарма Төрағасының жауапкершілігі Қоғамның орташа жедел даму жоспарының орындалуы мен жұмыс нәтижелілігіне тікелей тәуелділігі қарастырылған;
- 5) Қоғам атынан жылдық аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйыммен шартқа отырады;

б) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы құрамы мен мөлшері туралы хабарлайды.

Директорлар кеңесі Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесі шешімімен Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

89. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе атқару органының бастамасы бойынша, не болмаса,

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талаптары бойынша шақырылуы мүмкін.

90. Директорлар Кеңесі мәжілісін шақыру туралы талаптар Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылып отырған күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны Директорлар Кеңесінің директорына бағыттау жолымен қойылады.

Директорлар Кеңесі Төрағасы Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруға қарсы болған жағдайда, бастамашы Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруға міндетті Басқармаға талап қоюына болады.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Директорлар кеңесін шақыруға міндетті Басқармаға аталған талаптармен келуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісі шақыру туралы талап түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің төрағасымен шақырылуы тиіс.

Директорлар Кеңесінің мәжілісі айтылмыш міндеттерді көрсетуші адамды міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

91. Директорлар кеңесі мүшелерін Директорлар кеңесі мәжілісі өтетіні туралы хабарландыру тәртібін Қоғамның Директор кеңесі шешеді.

92. Директорлар Кеңесі өткізілетіні туралы хабарламаға сырттай тәртіпте Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бір нысан бойынша ұсынылатын сырттай дауыс беру бюллетені беріледі.

Сырттай дауыс беру бюллетені мазмұны мынадай болуы тиісті:

- 1) қоғамның толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) толтырылған бюллетенді хатшыға (корпоративтік хатшыға) ұсынылатын күні;
- 3) дауыс беру бюллетенін ұсынудың нақты күні;
- 4) мәжілісті өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) дауыс беру үшін ұсынылған нақты және мәнді сұрақтар;
- 7) «жақтайды», «қарасы», «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқалары;
- 8) бюллетенді толтыру тәртібіне түсініктеме.

Сырттай дауыс беру бюллетендері Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілгенде хатшы (корпоративтік хатшы) өз жазуымен дұрыс және бірдей толтырылуы тиіс.

93. Директорлар кеңесі мүшесі Басқарманы 3 (үш) жұмыс күн бұрын мәжіліске қатыса алмайтыны туралы хабарлауы тиіс.

94. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу кворумы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысының қатысуы болып есептеледі және қатыспаған Директорлар Кеңесі мүшелері есептеліп анықталады. (жазбаша түрде олардың дауысы болған жағдайда).

Егерде кворумға жету үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жеткіліксіз болған болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционер қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы ұсынуы міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жалғыз акционер қарауына ұсыну тек осы мәселе туралы шешім қабылдай алады.

95. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімі мәжіліске қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

96. Директорлар кеңесі мүшелері ғана қатыса алатын жабық мәжіліс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдай алуға құқылы.

97. Қоғам мүдделі мәмілелерге қол қою туралы шешімді мүдделі емес Директорлар Кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Егерде мүдделі емес Директорлар Кеңесі мүшелері Директорлар кеңесінің жалпы санынан кем болған жағдайда, мәмілеге қол қою туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

98. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының ұсынысы бойынша қаралуға тиісті мәселелер сырттай дауыс беру арқылы шешілуі мүмкін.

Осыған орай күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Сырттай дауыс бергенде белгіленген мерзімде бюллетендерде кворум болған жағдайда шешім қабылданды деп танылады. Директорлар Кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде хатшымен (корпоративтік хатшы) тіркеліп, Директорлар Кеңесі Төрағасының қолы қойылуы тиіс, сонымен қатар мынадай мәлеметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) сырттай мәжіліс шешімі қағазға түсірілген күні мен мекен-жайы;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлемет;
- 4) мәжілісті шақырушы тұлғаның (органның) аталуы;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бары/жоғы туралы жазба;
- 7) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 8) басқа мәлеметтер.

99. Бетпе-бет мәжілісте қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімі корпоративтік хатшымен үш күн ішінде хаттама ретінде толтырылып, мынадай мәлеметтерді қамтуы қажет:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен мекен-жайы;

- 2) мәжілістің өткен күні, уақыты, орны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беру үшін қойылған сұрақтар және дауыс беру нәтижесі;
- 6) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

Қоғам хатшысы (корпоративтік хатшы) Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша танысу үшін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін беруге және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолы мен Қоғамның мөр бедері қойылып куәландырылған шешім мен хаттаманың көшірмесін беруге міндетті.

15. КОРПОРАЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

100. Күнделікті қызметке басшылық жасауды Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасы туралы Жарғы негізінде қызмет атқарады. Қоғам Басқармасын Қоғам Басқармасының Төрағасы (Президент) басқарады.

101. Заңнама және Жарғымен Қоғамның басқа органдары және лауазымды тұлғаларының құзыретіне қатысты емес Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) Қоғамның күнделікті және перспективті жоспарларын жүзеге асыру;
- 2) басқа кәсіпорындар, ұйымдар және мемлекеттік органдармен қатынастарда Қоғам мүддесімен таныстыру;
- 3) Қоғам қызметін регламенттейтін ішкі және басқа құжаттар жобаларын дайындау және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;
- 4) Директорлар кеңесімен бекітілмейтін және Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Қоғам өкілдіктері мен филиалдарын ашу;
- 6) Қоғам қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті нұсқаулар беру және шешімдер шығару;
- 7) Қоғамның жедел қызметі туралы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғам акционер болып табылатын заңды тұлғаның жарияланған акциялар санын өзгерту бойынша шешімдер қабылдау;
- 9) Қоғам дамуының алдыңғы 5 жылға Стратегиялық бағыттар жобасын дайындау және оның орындалуы туралы есеп беру;
- 10) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орташа жедел жоспары мен/немесе даму жоспары орындалуы туралы есеп дайындау;

11) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

102. Басқарма Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде құпиялық сипаттағы мәліметтерді сұраныс түскеннен кейін он күн ішінде беруі тиіс.

103. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма жасаған Қоғам шек қойған мәмілелердің жарамдылығын мәмілені жасаған кезде ондай шектеулердің қойылғанын тараптардың білгенін дәлелдесе, Қоғам жоққа шығаруға құқылы.

104. Басқарма мүшелері Қоғам қызметкерлері арасынан сайланады.

Қоғам қызметіне қатысты ақпарат алуға Басқарма құрамындағы өз функцияларын жүзеге асыру үшін Басқарма мүшелерінің шексіз құқығы бар.

Басқарман мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшелері өз міндеттерін адал ниеттілікпен атқаруы тиіс және де Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесін айқындайтын әдістерді қолдануы тиіс.

